

**Ауыл және орман шаруашылығын жүргізуге қатысы жоқ мақсаттарға пайдалану үшін ауыл шаруашылығы және орманды жерлерді алған кезде ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы өндірісіне келтірілген зиянды және меншік иелері мен жер пайдаланушыларға келтірілген, өтеуге жататын шығындарды айқындау тәртібі туралы Ережені бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 4 наурыздағы N 299. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.10.08. N 1037 қаулысымен.

"Жер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 24 қаңтардағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

**ЕСКЕРТУ. Кіріспе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.10.23. N 1352 қаулысымен .**

1. Ауыл және орман шаруашылығын жүргізуге қатысы жоқ мақсаттарға пайдалану үшін ауыл шаруашылығы және орманды жерлерді алған кезде ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы өндірісіне келтірілген зиянды және меншік иелері мен жер пайдаланушыларға келтірілген өтеуге жататын шығындарды айқындау тәртібі туралы Ереже 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Ауыл және орман шаруашылығын жүргізуге қатысы жоқ мақсаттарға пайдалану үшін ауыл шаруашылығы және орманды жерлерді алуға байланысты туындаған ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы өндірісінің шеккен зиянын өтеу нормативтері 2 және 3-қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

3. Орман шаруашылығы өндірісінің, орман шаруашылығын жүргізуге қатысы жоқ мақсаттарға пайдалану үшін алынатын орманды жерлерде ормандардың қорғаныштық санатына байланысты немесе кәсіпорындардың, ұйымдардың және азаматтардың қызметі ықпалының нәтижесінде жер сапасы нашарлаған кездегі зиянды өтеу нормативтеріне коэффициенттер 4 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Орман, балық және аң шаруашылығы комитетіне қажеттілігіне қарай, жаңа жерді игеру кезінде қолданылатын жабдықтарға, материалдар мен көрсетілетін қызметке, құрылыс-монтаж жұмыстарына тоқсан сайынғы баға индексі туралы Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігінің мәліметтерін пайдалана отырып, орман шаруашылығы өндірісінің шығынын өтеудің бекітілген нормативін нақтылау құқы берілсін.

**ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.10.23. N 1352 қаулысымен.**

5. Ауыл шаруашылығы және орманды жерлерді ауыл шаруашылығын және орман шаруашылығын жүргізуге қатысы жоқ мақсаттарға уақытша пайдалануға

немесе жалға берілген жағдайда (кейіннен жердің сапасын берілгендегіден төмен емес кадастрлық бағалау деңгейіне дейін қалпына келтіру шартымен) ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы өндірісі шығынының мөлшері шығынды өтеу нормативіне процентпен есептеледі деп белгіленсін.

Бұл орайда, қоса алғанда 10 жылға дейін жерді уақытша пайдаланған жылдардың әр жылы үшін белгіленген нормативтің 5 проценті алынады. Кейінгі 11 жылдан 20 жылға дейінгі жылдардың әр жылы үшін - 2 процент, 21 және одан артық жылдар үшін нормативтің 1 проценті алынады.

6. Ауыл шаруашылығы және орманды жерлерді ауыл және орман шаруашылығын жүргізумен байланысты емес мақсаттарға пайдалану үшін алған кезде ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы өндірісінің шығындарын өтеуден түскен қаражат республикалық бюджеттің кірісіне түседі.

**ЕСКЕРТУ. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.06.07. N 708**

қ а у л ы с ы м е н

7. Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіндегі орман және аң шаруашылығы комитетінің келісімен, екі ай мерзімде ауыл шаруашылығы және орманды жерлерді ауыл шаруашылығын және орман шаруашылығын жүргізуге қатысы жоқ мақсаттарға пайдалану үшін алған кезде ауыл шаруашылығы немесе орман шаруашылығы өндірісі шығындарының мөлшерін айқындау актісінің нысанын әзірлесін және б е к і т с і н .

8. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Ауыл шаруашылығының мұқтажына арналмаған ауыл шаруашылық алаптарын алу барысында жер иеленушілердің, жер пайдаланушылардың, жалгерлердің шығындарын және ауыл шаруашылық өндірісінің залалдарын өтеу тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 30 қыркүйектегі N 978 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 40, 470-құжат);

"Орман шаруашылығының мұқтажына арналған орманды (тоғайлы) жерлерді алу барысында орман шаруашылығы өндірісінің шығындарын өтеу нормативтерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 4 сәуірдегі N 324 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 16, 159-құжат).

**Қазақстан Республикасының**

**Премьер-Министрі**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
1997 жылғы 4 наурыздағы

**Ауыл және орман шаруашылығын жүргізуге қатысы жоқ мақсаттарға пайдалану үшін ауыл шаруашылығы және орманды жерлерді алған кезде ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы өндірісіне келтірілген зиянды және меншік иелері мен жер пайдаланушыларға келтірілген өтеуге жататын шығындарды айқындау тәртібі туралы  
ЕРЕЖЕ**

**I. Жалпы ережелер**

1. Осы ереже ауыл шаруашылығы және орманды жерлерді ауыл және орман шаруашылығын жүргізуге қатысы жоқ мақсаттарға пайдалану үшін алу барысында ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы өндірісінің шығындарын (әрі қарай - шығындар), меншік иелері немесе жерді пайдаланушыларға келтірілген, қайтаруға жататын шығындарын айқындау тәртібін белгілейді.

2. Ереже өндірістік, көліктік, байланыстық, қорғаныстық және өзге де ауыл шаруашылығына арналмаған жерлерден басқа, ауыл шаруашылығы және орманды жерлерге қолданылады.

3. Ауыл және орман шаруашылығын жүргізуге қатысы жоқ мақсаттарға пайдалану үшін ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы жерлерін алған кезде шығынның мөлшері жергілікті атқарушы органның жер учаскесіне тиісті құқық беру туралы шешім қабылдағанына негіз болып табылатын жерге орналастыру жобасының (жерге орналастыру ісінің) құрамында белгіленеді.

Жерге орналастыру жобасы мынадай тараулардан тұрады:

жер учаскесіне құқық берілетін заңды немесе жеке тұлғаның атауы;

жер учаскесінің мақсатқа арналуы;

жер учаскесінің көлемі;

объектілерді орналастыруға және санитарлық (күзеттік) немесе қорғаныштық аймақтардан бөлінген жерлерден алаптардың құрамы мен кадастрлық бағасы;

жер учаскесінің бөлінетіндігі және бөлінбейтіндігі;

учаскені төлем арқылы берген жағдайда жер учаскесін немесе жер пайдалану құқығын сатып алу бағасы;

&nbsp; алынатын учаскенің көлемдері көрсетіле отырып, жері алынатын заңды немесе жеке тұлғаның атауы;

бөлінетін учаскедегі жылжымайтын мүлікті алып тастау, көшіруге қатысты

тапсырыс берушінің міндеттемелері және шығындар мен залалдарды өтеуі;  
топырақтың бұзылған құнарлы қабатын алып тастау, сақтау (консервациялау)  
және пайдалану шарттары мен мерзімдері;  
жерді қалпына келтіру шарттары мен мерзімі.

## **II. Шығындарды өтеу**

4. Ауыл шаруашылығы және орманды жерлерді ауыл және орман шаруашылығын жүргізуге қатысы жоқ мақсаттарға пайдалану үшін алудан туындаған ауыл шаруашылығы және орманды шаруашылығы өндірісінің шығындары ауыл шаруашылығы жерін және олардың сапасын қалпына келтіру жолымен ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы өндірісінің деңгейін сақтау мақсатында өтеуге жатады.

5. Шығындарды ауыл шаруашылығына арналған жерден және орман қоры жерінен ауыл шаруашылығын жүргізуге қатысы жоқ мұқтаждар үшін учаскелер берілген, немесе өз қызметі нәтижесінде жердің сапасын төмендеткен жағдайда азаматтар мен заңды тұлғалар, сондай-ақ күзет, санитарлық және қорғаныш аймақтары белгіленген тұлғалар өтейді.

6. Өтелуге тиісті шығындардың мөлшері игерілетін жерлер мен жақсартылатын алқаптарда алынатын жер учаскелерінен алынатыннан немесе бұрын олардың сапасы төмендегенге дейінгі алынғаннан кем емес көлемді ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы өнімін өндіруді қамтамасыз ететін нормативтерге сүйене отырып анықталады.

7. Ауыл шаруашылығы емес және ормансыз алқаптардағы бұзылған жерлерді қайта қалпына келтіру шартымен ауыл шаруашылығы және орманды жерлерді алу барысында шығындар толық көлемде өтеледі.

8. Жердің құнарлы қабатын өнімділігі аз немесе өнім бермейтін алқаптарға көшіргенде жер учаскесі берілген заңды немесе жеке тұлғаның қаржысы есебінен , алқаптарды қалпына келтіруге жұмсалатын соманы есепке алып, шығындар ө т е л е д і .

9. Шығындардың есебі жер учаскесі берілетін мүдделі тұлғамен келісіледі және жергілікті атқарушы органның жер учаскесіне құқық беру туралы шешімімен бекітілетін актімен ресімделеді.

10. Жер сапасының төмендеуінен туындаған шығынның мөлшері оларды бір түрден екінші түрге ауыстыруға байланысты емес жағдайларда жер сапасының пропорционалды төмендеу нормативтерінің (жерді кадастрлық бағалау бойынша ) п р о ц е н т і м е н а н ы қ т а л а д ы .

Жерді олардың сапасының төмендеуіне байланысты бір түрден екінші түрге ауыстырған жағдайда шығын мөлшері алқаптардың тиісті түрлеріне арналған

нормативтерінің айырмашылығы бойынша анықталады.

11. Шығындардың мөлшерін анықтау үшін жоспарлы - картографиялық материалдар, жерге орналастыру және (немесе) орман орналастыру жобалары, топырақ зерттеу, жер және (немесе) орман кадастрларының жер мониторингінің және (немесе) орман экожүйесі мониторингінің мәліметтері пайдаланылады.

12. Ұйымдардың және азаматтардың қызметі ықпалының нәтижесінде жер сапасының төмендеуінен келтірілген шығындарға өтеу ақы уәкілді мемлекеттік органның талабы бойынша сот тәртібімен төленеді.

1) Шығындарды өтеуден босатылған тұлғалардың тізбесі

13. Ауыл шаруашылығына арналған және орман қоры жерінен: жеке тұрғын үй құрылысы, мектептер, мектепке дейінгі балалар мекемелерін, сауықтыру орындарын және елді мекендер шеңберінде мәдени-тұрмыстық объектілер құрылысына;

мелиоративтік жүйелер салуға; тоғанда және көлдерде балық шаруашылықтарын, балық өсіретін, уылдырық өсіретін шаруашылықтар мен балық-су заводтары құрылысына;

жапсарлас жер алқаптарының жай-күйінің төмендеуіне ықпал етпейтін, қоршаған табиғи ортаны сақтауды қамтамасыз ететін объектілерді салуға;

химиялық және радиоактивті заттармен ластанған, тозған алқаптарды, жерлерді орман мелиорациялау үшін жер учаскелері берілген заңды және жеке тұлғалар босатылады.

Сондай-ақ шығындар жер учаскелері қорықтарға, ұлттық зоологиялық және дендрологиялық парктерге, ботаникалық бақтарға берілген кезде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге жағдайларда өтелмейді.

ЕСКЕРТУ. 13-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.10.23. N 1352 қаулысымен.

2) Ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы өндірісінің шығындарын өтеуге арналған қаржыларды аудару және пайдалану

14. Шығындарды өтеуге арналған қаражатты азаматтар мен заңды тұлғалар жергілікті атқарушы органның, республикалық бюджеттің кірісіне аударылады.

ЕСКЕРТУ. 14-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.06.07. N 708 қаулысымен.

1 5 . < \* >

ЕСКЕРТУ. 15-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2001.10.23. N 1352 қаулысымен.

1 6 . < \* >

17. Жерді қалпына келтіру немесе жақсарту жобалары болмаған жағдайда алдымен жобалау-ізвестіру жұмыстарын қаржыландыру жүзеге асырылады.

1 8 . < \* >

1 9 . < \* >

ЕСКЕРТУ. 16, 18, 19, 20-тармақтар алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 1999.06.07. N 708 қаулысымен.

### III. Шығындарды өтеу

21. Жер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес меншік иелеріне немесе жер пайдаланушыларға келтірілген шығындар: меншік немесе жер пайдалану құқығының тоқтатылуына әкеліп саятын жерді мемлекет мұқтажы үшін алған (сатып алған); жер пайдаланудың ерекше режимінің белгіленуіне байланысты меншік немесе жер пайдалану құқығы шектелген; меншік иелерінің немесе жер пайдаланушылардың құқығы бұзылған; топырақ құнарлылығының бұзылуына, су режимінің нашарлауына әкеліп соқтыратын, ауыл шаруашылығы дақылдары мен өсімдіктеріне зиянды заттар бөліп шығаратын объектілерді салу мен оларды пайдалану салдарынан жер сапасы нашарлаған жағдайларда толық көлемде өтелуге тиіс.

ЕСКЕРТУ. 21-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.10.23. N 1352 қаулысымен

22. Меншік иесіне немесе жер пайдаланушыға келтірілген шығындар оны келтірушінің есебінен өтеледі. Мемлекеттік органның шешімі салдарынан шығын келтірілген жағдайда шығын тиісті бюджет қаражаты есебінен өтеледі.

23. Өтемақы мөлшерін айқындау кезінде оған: жер учаскесінің немесе жер пайдалану құқығының нарықтық құны; жеміс ағаштары мен көп жылдық өсімдіктерді қоса алғанда, учаскедегі жылжымайтын мүліктің нарықтық құны; олардың инфляцияға ұшырауы ескерілгендігі жер учаскесін игеруге, оны пайдалануға, қорғау шараларын жүргізуге, топырақ құнарлылығын арттыруға байланысты шығынның және басқа шығындардың құны; үшінші тұлғалар алдындағы өз міндеттемелерін мерзімінен бұрын тоқтатуына байланысты шеккен шығындарды қоса алғанда, жер учаскесінің алынып қоюына орай меншік иесіне немесе жер пайдаланушыға келтірілген барлық шығын; ала алмай қалған пайда қосылады.

ЕСКЕРТУ. 23-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.10.23. N 1352 қаулысымен

24. Ауыл шаруашылығы және орманды алқаптарды алу барысында меншік иелеріне немесе жер пайдаланушыларға келтірілген шығындарды, сондай-ақ олардың өтем мөлшерін айқындау тараптардың келісімімен белгіленеді.

25. Жер пайдалану құқығы немесе жер учаскесіне меншік құқығы берілген

занды және жеке тұлғалар мүдделі меншік иелерімен, жер пайдаланушылармен және жалгерлермен келісім бойынша осы учаскелерде орналасқан үйлердің, объектілер мен ғимараттардың құнын өтеудің орнына өз күшімен және құралдарымен (сондай-ақ қатыстырылатын ұйымдардың күшімен) оларды жаңа орынға көшіре алады немесе жаңа үйлер мен ғимараттарды салуды жүзеге асыра  
а л а д ы .

Жаңа үй-жайды, объектілерді және ғимараттарды салу кезінде оларды жетілдіру немесе кеңейту көзделген жағдайда оған арналған қосымша шығындарды құрылыс арналып салынып жатқан меншік иесі немесе жер п а й д а л а н у ш ы т ө л е й д і .

26. Жер учаскелерін алу немесе уақытша пайдалану кезінің нәтижесінде суару, құрғату, табиғат қорғау, эрозияға қарсы және тасқынға қарсы объектілер мен ғимараттарды (жүйелердің) жұмысы жартылай немесе толығымен бұзылатын болса, шығындар объектілер мен ғимараттарды (жүйелерді) жаңадан салуға немесе жұмыс істеп тұрғандарын қайта жаңартуға, жобалау-зерттеу жұмыстарының құнын қоса алғанда, жасалатын жұмыстың құнына сүйене  
о т ы р ы п а н ы қ т а л а д ы .

27. Жерді пайдалану кезіндегі қолайсыздықтардан (су қоймасын толтыру кезінде аралдың пайда болуы, көлік байланысының бұзылуы, аумақты коммуникациялармен бөлектеу ж.б.) болған шығындар (зиян) жобалау-іздігіру жұмыстарына, бөгеттер, көпірлер, тіреулер, жолдар, кіру жолдарын, басқа да ғимараттар салуға, сондай-ақ қайықтар, катерлер, паромдар мен басқа көлік құралдарын сатып алуға кеткен бір жолғы шығынның сомасымен анықталуы  
м ү м к і н .

28. Жердің нашарланған сапасын қалпына келтіруге қажетті шығындарды (залалдарды) анықтау барысында топырақты, агрохимиялық және басқа арнаулы тексерулермен зерттеулерді, сондай-ақ жердің сапасын қалпына келтіруді қамтамасыз ететін шараларды жүргізетін шығын қамтылуы мүмкін.

29. Жер учаскелері меншік иелерінің немесе жер пайдаланушылардың меншік немесе жерді пайдалану құқықтарының тоқтатылуына алып келетін шешіммен келіспеген жағдайда ол сот тәртібімен дауды шешкенге дейін жүзеге асырылмауы керек. Дауды қарау барысында меншік иесіне немесе жер пайдаланушыға келтірілген шығындарды өтеудің барлық мәселелері де шешіледі  
.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

1997 жылғы 4 наурыздағы

№ 299 қаулысына

2 қосымша

**Ауыл шаруашылығы жерлерін ауыл шаруашылығын жүргізуге қатысы жоқ мақсаттарға пайдалану үшін алудан туындаған ауыл шаруашылығы өндірісінің залалдарын өтеу НОРМАТИВТЕРІ**

**ЕСКЕРТУ. Қосымшадан 7,11,16,17,18-жолдар алап тасталды - ҚР Үкіметінің 2001.10.23. N 1352 қаулысымен.**

бір гектар үшін мың теңге

Рет са. ны N	Облыстар	Ауылшаруашылығы жерлерінің түрлері	Топырақтың түрлері мен түр тармақтары	Қара топырақтың түрлері	Қою қызыл шайылған қара. тік пайым	Қызыл	Қоңыр	Қызыл қоңыр	Қызыл қоңыр
1	2	3	4	5	6	7	8	9	9
1.	Ақмола	Суарылмайтын	580,4	398,4	290,4	220,8	141,6		
		егістік							
		Суармалы	859,2	748,8	655,2	556,8	520,4		
		егістік							
		Шабындық	168	151,2	126,0	114,0	87,6		
		Жайылым	124,8	115,2	79,2	68,4	45,6		
2.	Ақтөбе	Суарылмайтын		384,0	285,6	204,0	139,2		
		егістік					93,6		
		Суармалы		776,4	700,8	585,6	524,4		
		егістік					458,4		
		Шабындық		140,4	116,4	99,6	78		
						44,4			
		Жайылым		115,2	74,4	64,8	45,6		
							26,4		
3.	Алматы	Суарылмайтын							
		егістік							
		Суармалы							
		егістік							
		Шабындық							

Жайылым



4.	Атырау	Суарылмайтын						100,8
							егістік	
		Суармалы						489,6
		егістік						458,4
		Шабындық						54 42
		Жайылым		28.8	24			
5.	Шығыс	Суарылмайтын	664,8	434,4	314,4	234,0	146,4	
							егістік	
		Суармалы	820,8	759,6	687,6	576	495,6	
							егістік	
		Шабындық	218,4	174	150,0	123,3	86,4	
		Жайылым	162	140,4	103,2	67,2	48	
6.		Жамбыл						
							Суарылмайтын	
							егістік	
							Суармалы	
							егістік	
							Шабындық	
		Жайылым						
7.								
8.	Батыс	Суарылмайтын		391,2	288	228	144	110,4
							егістік	
		Суармалы		776,4	700,8	585,6	528,0	
		егістік						458,4
		Шабындық		170,4	126,0	116,4	86,4	
								50,4
		Жайылым		127,2	80,4	64,8	43,2	
								26,4
9.	Қарағанды	Суарылмайтын		398,2	272,2	212,4	139,2	
							егістік	
		Суармалы		748,8	655,2	580,8	484,8	
							егістік	
		Шабындық		141,6	115,2	100,8	84,0	
		Жайылым	90	73,2	63,3	42,0		
10.	Қызылорда	Суарылмайтын						517,2
							егістік	
							Суармалы	
							егістік	
		Шабындық						22,8
		Жайылым						

11.									
12.	Қостанай	Суарылмайтын	590,4	421,2	303,6	240	141,6		
						егістік			
		Суармалы	870	756	660	558	520,8		
						егістік			
		Шабындық	170,4	146,4	126	114,0	87,6		
		Жайылым	105,6	96	78	69,6	44,4		
13.	Маңғыстау	Суармалы					458,4		
						егістік			
		Жайылым		20,4					
14.	Павлодар	Суарылмайтын		340,8	266,4	204	132,0		
						егістік			
		Суармалы		675,6	584,4	508,8	486		
						егістік			
		Шабындық		254,4	206,4	148,8	87,6		
		Жайылым	104,4	76,8	67,2	44,4			
15.	Солтүстік	Суарылмайтын		654			433,2		
						Қазақстан	егістік		
		Суармалы			816		745,2		
						егістік			
		Шабындық			180		153,6		
		Жайылым	153,6	128,4					
1	6	.							
1	7	.							
18.									
19.	Оңтүстік					Суарылмайтын			
					Қазақстан	егістік			
						Суармалы			
						егістік			
						Шабындық			
						Жайылым			

та б л и ц а н ы ң

ж а л ғ а с ы

Топырақтың түрлері мен түр тармақтары

Рет| |Ауылшаруашы.|сұр- |сұр |құм.|сұр то.|сұр то.|таулық|Суб.  
са.|Облыс.|лығы жерле. |қоңыр|қоңыр|дар |рақ аш.|пырақ |қара |аль.  
ны |тар |рінің | |(күр.) |ық қы. |(мақта |топы. |пі.



		Суармалы	482,4		1321,2
					егістік
		Шабындық			121,2 153,6 99,6
		Жайылым	21,6 25,2 58,8 99,6	87,6	
7.					
8.	Батыс			Суарылмайтын	
			Қазақстан		егістік
				Суармалы	
					егістік
				Шабындық	
		Жайылым	22,8		
9.	Қарағанды			Суарылмайтын	
					егістік
				Суармалы	
					егістік
				Шабындық	
		Жайылым			
10.	Қызылорда	Суарылмайтын	720	2252,4	1320
					егістік
		Суармалы	66		10,5
					егістік
		Шабындық	24,0		21,6 56,4
		Жайылым			
11.					
12.	Қостанай			Суарылмайтын	
					егістік
				Суармалы	
					егістік
				Шабындық	
		Жайылым			
13.	Маңғыстау	Суармалы			380,4
					егістік
		Жайылым	16,8 21,6		
14.	Павлодар			Суарылмайтын	
					егістік
				Суармалы	
					егістік
				Шабындық	
		Жайылым			

15. Солтүстік Суарылмайтын  
 Қазақстан егістік  
 Суармалы  
 егістік  
 Шабындық

Жайылым

1 6 .

1 7 .

18.

19. Оңтүстік	Суарылмайтын		286,8	312
		Қазақстан	егістік	
	Суармалы	720 2920	1492,8	4204,8
			егістік	
	Шабындық	56,4	127,2	160,8
	Жайылым	28,8 25,2	58,8	103,2

Ескертпе: Көпжылдық екпе өсімдіктерді (бақтар, жүзімдіктер, тұт тоғайы) алу кезінде шығында өтеу мөлшері егістік үшін белгіленген нормативтерге сүйеніп айқындалады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
 1997 жылғы 4 наурыздағы  
 N 299 қаулысына  
 3-қосымша

**Орманды (тоғайлы) жерлерді орман шаруашылығын жүргізуге қатысы жоқ мақсаттарға пайдалануға алған кезде орман шаруашылығы өндірісінің шығындарын өтеу НОРМАТИВТЕРІ**

Рет саны	Орман түрлерінің топтары	Орман шаруашылығы өндірісі шығында. рының мөлшері, гектарына мың теңге
1	2	3

1. Ақ сексеуілді және қара сексеуілді 25,6
2. Тянь-Шань ормандарындағы құрғақ байырғы қайыңдықтар; 48,4  
Тянь-Шань құрғақ байырғы көктеректері, Ұзына бойы созылған қарағайлардың құрғақ өндірістік көктеректі тоғайлары;
3. Шөлейт аймақтардағы су жайылмалы ормандары; 63,2  
аралдардағы қарағайлардың құрғақ туынды көктеректі тоғайлары
4. Ылғалды шоқ қайыңдықтар, ойпаң жердегі қайыңдықтар 79,2
5. Қазақтың шағын адырлы аса құрғақ қарағайлы ормандары; жас және дымқыл шоқ ағашты 97,5  
көктеректі тоғайлар
6. Дымқыл шоқ ағашты қайыңдықтар; 113,3
7. Қазақ Алтайындағы қалың шөпті және қырыққұлақты 130,6  
туынды көктеректі тоғайлар;  
Қалба бауындағы аса құрғақ қарағайлар;  
жартылай шөлейт аймақтардың су жайылмалы ормандары
8. Ұзына бойы созылған қарағайлардың жас байырғы, жас және ылғалды көктеректі тоғайлары 148,9
9. Аралды қарағайлы тоғайлардың ылғалды байырғы, жас, ылғалды қайыңдықтары; 167,7  
Қалба тауының құрғақ қарағайлары
10. Тянь-Шань таулық байырғы, түрлі шөпті-астық 190,0  
тұқымдас қайыңдықтары, Қазақстан шағын адырлы жерлеріндегі құрғақ қарағайлар
11. Қазақтың шағын адырлы жерлеріндегі шоқ ағашты 220,2  
жас және ылғалды, уақытша өсірілген қайыңдықтар мен байырғы ылғалды қайыңдықтар, ұзына бойы созылған қарағайлы тоғайлардың ылғалды және жас қайыңдықтары;  
ұзына бойы созылған қарағайлы тоғайлардың аса құрғақ қарағайлары;  
құрғақ мүкті және аршалы балқарағайлар
12. Қазақтың шағын адырлы және аралдардағы қарағайлы 251,2  
тоғайларындағы ылғалды шоқ ағашты көктеректі тоғайлар мен уақытша өсірілген ылғалды көктеректі

- т о ғ а й л а р ;
- аралдардағы қарағайлы тоғайлардың аса құрғақ  
қ а р а ғ а й л а р ы ;
- субальпілік қарақоңыр-қылқан жапырақты ормандар,  
б ұ т а л ы м а й қ а р а ғ а й л а р
13. Тянь-Шаньның құрғақ шыршалары мен тастағы мүкті- 279,5  
ш ө п т і ш ы р ш а л а р ;  
ұзына бойы созылған қарағайлы тоғайлардың  
қ ұ р ғ а қ қ а р а ғ а й л а р ы
14. Қазақтың шағын адырлы жерлерінің және Баян-Қарқаралы 310,9  
тауларының жас және ылғалды қарағайлары;  
Қалба тауларының жас қарағайлары
15. Ұзына бойы созылған қарағайлы тоғайлардың су 347,4  
жайылмалы ормандары; аралдардағы қарағайлы  
тоғайлардың құрғақ қарағайлары
16. Түрлі шөпті-астық тұқымдас, тобылғылы, жас және 383,1  
ылғалды балқарағайлар;  
Жас және ылғалды қайыңдықтар;  
ұзына бойы созылған қарағайлы тоғайлардың жас және  
ылғалды қ а р а ғ а й л а р ы
17. Көк және жас қарақоңыр қылқан жапырақты қалың 422,7  
шөпті, қырыққұлақты және таулы алаптағы  
м а й қ а р а ғ а й л а р
18. Солтүстік Тянь-Шаньнің түрлі шөпті-астық тұқымдас, 463,5  
шетенді-талды, мүкті-шөпті жас және ылғалды шыршалы  
о р м а н д а р ы
19. Аралдардағы қарағайлы тоғайлардың жас және ылғалды 517,7

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
1997 жылғы 4 наурыздағы  
N 299 қаулысына  
4-қосымша

**Орман шаруашылығын жүргізуге қатысы жоқ мақсаттар үшін алынған  
орманды (тоғайлы) жерлердің қорғаныштық санаттарына байланысты  
және кәсіпорындардың, ұйымдардың және азаматтардың қызметі  
ықпалының нәтижесінде жердің сапасы төмендегенде ауыл шаруашылық  
өндірісінің шығындарын өтеу нормативтеріне  
КОЭФФИЦИЕНТТЕР**

N р/с	Ормандардың қорғаныштық санаттарының атауы	Коэффициент. тер
1	2	3
1.	Далалық шоқ және бұйратты орман	2
2.	Айналадағы ортаны қорғау үшін маңызы бар шөл, шөлейт, далалық, далалық-орманды және аз орманды таулы аудандардағы ормандар	3
3.	Қалалардың, басқа да елді мекендер мен өнеркәсіп орындарының (орман шаруашылығы бөлігі) маңындағы жасыл аймақтар орманы	3
4.	Курорттарды санитарлық қорғау округтерінің үшінші аймағының орманы	3
5.	Ұзына бойы созылған қарағайлы тоғай	3
6.	Эрозияға қарсы орман	4
7.	Республикалық және облыстық мақсатты темір жолдардың, автомобиль жолдарының жағасындағы ормандардың қорғаныштық алқабы	4
8.	Мемлекеттік қорғаныштық орман алқабы	4
9.	Қалалардың, басқа да елді мекендер мен өнеркәсіп орындарының (парк-орманды) бөлігі маңындағы жасыл аймақтар бөлігі	5
10.	Қала орманы мен орман-парк	5
11.	Өзендер, көлдер, су қоймалары мен басқа да тоғандардың жағалауындағы ормандардың тыйым салынған алқабы	5
12.	Сумен жабдықтау көздерін санитарлық қорғау аймақтары бірінші, екінші белдеулерінің орманы	5
13.	Курорттарды санитарлық қорғау округтары бірінші, екінші аймақтарының орманы	5
14.	Ерекше қорғалатын табиғат аумақтарының ормандары	5